# Станция Дуо Макс

Бұл нұсқаулықта тек маңызды ақпарат көрсетілген. Толық ақпарат — QR коды бойынша Анықтама бөлімінде.

Сүйікті музыка мен подкасттарды тыңдау, фильм, сериал көру және т.б. үшін Плюс жазылымын қосуды ұмытпаңыз.


Дыбыс деңгейі
Камера пердешесі
Микрофондарды өшіру түймесі
Қуат беру ұясы
Айналмалы механизм

# Қалай қосуға болады

1. Құрылғыны қуат көзіне жалғап, оның қосылғанын күтіңіз.

2. Смартфонға Дом с Алисой қолданбасын орнатыңыз немесе оны ең соңғы нұсқасына жаңартыңыз.

3. Қолданбада құрылғыны қосыңыз және Станция Дуо Макс құрылғысындағы нұсқауларды орындаңыз.

Дом с Алисой қолданбасын жүктеп алу
**ya.cc/iot_app**

Тік және кері айналады



# Параметрлерді бастапқы күйіне қайтару

1. Экранды көлденең қалпына бұрып қойыңыз.
2. Қуат адаптерін құрылғыдан ажыратыңыз
3. Дыбыс деңгейін арттыру түймесін басып тұрыңыз және қуат адаптерін құрылғыға қайта жалғаңыз.
4. Экранда нұсқаулар пайда болғанша, түймені жібермеңіз.



# Техникалық сипаттамалары

Домашняя мультимедийная платформа «Яндекс.Станция» (маркетингтік атауы — Яндекс Станция Дуо Макс)

**Моделі**
YNDX-00055

**Өлшемдері (ұзындығы × ені × биіктігі)**
≈ 256 × 118 × 240 мм

**Таза салмағы**
≈ 3,3  кг

**Дисплей**
Диагоналі 10,5”
Ажыратымдылығы 1920 × 1200

**Бейнекамера**
13 Мп, көру бұрышы 120°

**Сымсыз байланыс**
Wi-Fi® 802.11b/g/n/ac/ax (2,4 ГГц и 5 ГГц), Zigbee™, Bluetooth® 5.2, BLE

**Динамиктер**
1 төмен жиілікті динамик — 100 мм 2 кеңжолақты динамик — 50 мм

**Жиынтық акустикалық қуаттылығы**
60 Вт

**Жиілік ауқымы**
60–20 000 Гц

**Микрофондар**
8 дана

**Қуаттандыру**
USB Type-C порты бар, 20 В ⎓ 3,25 А

Қуат адаптері

**Моделі**
Y65-B2CP

**Кіріс сипаттамалары**
Номиналды кернеу 100–240 В~
Номиналды жиілік 50–60 Гц
Максималды ток 1,8 А

**Шығыс сипаттамалары**
5 В / 3 А; 9 В / 3 А; 15 В / 3 А; 20 В / 3,25 А
USB PD қолдауы

**Қорғаныс санаты**
2

**Қорапта не бар**
Яндекс Станция Дуо Макс, қуат адаптері, нұсқаулық.

**Кепілдік: 1 жыл**
Қызмет мерзімі: 2 жыл. Өндіруші осы нұсқаулыққа сәйкес құрылғыны және қуат адаптерін пайдалану кезінде өндірістік ақаулар мен материалдардың ақауларының болмауына кепілдік береді.

Өндіруші құрылғыны мақсатына сай пайдаланбау немесе осы нұсқаулықта көрсетілген талаптардың бұзылуы салдарынан болған залалға жауап бермейді. Ақау болған жағдайда сервистік орталыққа жүгініңіз.

**Қауіпсіздік шаралары**
Құрылғы мен қуат адаптеріне ылғал тигізбеңіз. Дымқыл қолдарыңызбен ұстамаңыз және ылғалдылығы жоғары жерде (мысалы, ванна немесе асүйде шұңғылшаның жанында) пайдаланбаңыз.

Экранды күштеп баспаңыз және оны сырмаңыз. Құрылғыны ластанып қалуы мүмкін жерлерге, мысалы, асханадағы плитаның жанына орнатпаңыз.

Құрылғыны және қуат адаптерін тікелей күн сәулесінде, ашық оттың, жылыту құрылғыларының немесе микротолқынды пештердің жанында қалдырмаңыз.

Қуат көзіне жалғанған құрылғыны қараусыз қалдырмаңыз.

Құрылғымен бірге берілген қуат адаптерін ғана пайдаланыңыз. Қуат кабелінің сынып кетуіне жол бермеңіз.

Желілік розеткаларды, ұзартқыштарды немесе адаптерлерді артық жүктемеңіз. Құрылғы ашасында әрқашан оны ажыратуға мүмкіндік болуы қажет.

Ашаны розеткадан ажыратқан кезде, сымды емес, ашаны ұстап суырыңыз.

Құрылғыны және қуат адаптерін бөлшектемеңіз. Қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары тек сервистік орталықта жүргізілуі керек.

Құрылғының қандай да бір бөлігі немесе қуат адаптері зақымдалса, онда ақау болса, Құрылғыдан түтін, әдеттен тыс шуыл немесе иіс шықса, оны розеткадан дереу ажыратыңыз және қолдау көрсету қызметіне немесе сервистік орталыққа жүгініңіз.

Құрылғыны және қуат адаптерін балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Балалардың құрылғыны ересектердің қарауынсыз пайдалануына рұқсат бермеңіз. Құрылғыны ересектер ғана қосып, ажыратуы керек.

Құрылғы мен қуат адаптері мақсатты және осы нұсқаулыққа сәйкес пайдалану кезінде қауіпсіз.

**Пайдалану шарттары**
Құрылғы және қуат адаптері қауіпті және зиянды факторлардың әсерінен аулақ, тұрғын үй-жайларда тұрмыстық қолдануға ғана арналған. Құрылғыны қосу және баптауды осы нұсқаулыққа сәйкес жүргізу керек.

Құрылғыны қосуды және теңшеуді осы нұсқаулыққа сәйкес жүргізу қажет.

Құрылғы мен қуат адаптерін +10 және +35 °C температура аралығында, 20–80 % ылғалдылықта пайдалану және сақтау ұсынылады. Тек үй-жайларда, зауыттық қаптамада, −10 бастап +35 °C дейінгі температурада және 95 % дейінгі салыстырмалы ылғалдылық кезінде сақтауға рұқсат етіледі.

Кез келген қашықтыққа және кез келген көлік түрімен тасымалдауға болады. Тасымалдау кезінде құрылғының барлық бөлшектері зауыттық қаптамада болуы керек.

Құрылғыны тасымалдау немесе төмен температурада сақтау кезінде оны 5 сағаттан кейін ғана қосуға болады.

Құрылғы мен қуат адаптері су өткізбейтін және толығымен шаңнан қорғалған емес, сонымен қатар құлаудан қорғаныс және соққыға қарсы қорғаныс қарастырылмаған.

Құрылғыда бағдарламалық жасақтаманы автоматты түрде жаңарту функциясы бар. Құрылғыны бағдарламалық жасақтаманы жаңарту процесі аяқталмайынша қуат желісінен ажыратпаңыз.

**Сертификаттау**
Домашняя мультимедийная платформа «Яндекс.Станция» (маркетингтік атауы — Яндекс Станция Дуо Макс), YNDX-00055 моделі.

Тауар ТР ТС 020/2011 «Электромагнитная совместимость технических средств», ТР ТС 004/2011 «О безопасности низковольтного оборудования», ТР ЕАЭС 037/2016 «Об ограничении применения опасных веществ в изделиях электротехники и радиоэлектроники» регламенттеріне сәйкес. Сертификаттар мен декларациялар yandex.ru/support/station-duo/ сілтемесі бойынша қолжетімді.

**Өндіруші:** Intertech Services AG, Werftestrasse 4, 6005 Luzern, Switzerland. Интертех Сервисез АГ, Верфтештрассе 4, 6005 Люцерн, Швейцария.

**Өндіруші кәсіпорын:** Guangdong Enok Communication Co., Ltd., No. 137, 139, Lixiang Road, Songmushan Village, Dalang Town, Dongguan City, Guangdong Province,

China. Гуандун Енок Комьюникейшен Ко., Лтд., Қытай, Гуандун провинциясы, Дунгуань қалалық округы, Даланг қ., Сонмушань ауылы, Лисян даңғылы, 137, 139 үй.

**Импорттаушы:** «Лаборатория Алисы» ЖШҚ, Лев Толстой к-сі, 16 үй, Мәскеу, Ресей, 119021.

**Жасалған күні:** қаптамадан қараңыз.

Қытайда жасалған.

**Кәдеге жарату**
Құрылғы мен қуат адаптерін қарапайым тұрмыстық қалдықтармен бірге тастауға болмайды. Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін оларды электрониканы кәдеге жарату орнына тапсырыңыз.

**Зияткерлік меншік туралы мәліметтер**
Барлық аталған атаулар, логотиптер және сауда белгілері олардың иелеріне тиесілі тіркелген сауда белгілері болып табылады. Apple және Apple логотипі — АҚШ-ғы Apple Inc. компаниясының сауда белгілері болып табылады. Google Play және Google Play логотипі - Google LLC корпорациясының сауда белгілері болып табылады. Zigbee™ «Connectivity Standards Alliance» альянсының тауарлық белгісі болып табылады. Wi-Fi® және Wi-Fi логотипі Wi-Fi Alliance сауда белгілері болып табылады. Bluetooth® атауы және логотиптер Bluetooth SIG, Inc. компаниясына тиесілі тіркелген сауда белгілері болып табылады және Intertech Services AG осы белгілерін кез келген пайдалануды лицензияға сәйкес жүзеге асырады.

Құрылғы Дом с Алисой мобильдік қолданбасымен реттеледі. Қолданбаны пайдалану арқылы **yandex.ru/legal/smarthome_mobile_agreement/** сайтындағы шарттарға келісесіз.

Құрылғыны Алиса дауыстық көмекшісімен немесе Дом с Алисой мобильдік қолданбасымен басқаруға болады. Дауыстық көмекшіні пайдалана отырып, **yandex.ru/legal/alice_termsofuse/** сайтындағы шарттарға келісесіз.

Қолдау чаты

8 727 347-07-52

Күн сайын Мәскеу уақытымен
07:00-ден 00:00-ге дейін

Чат поддержки

8 800 600-78-11

Ежедневно с 07:00 до 00:00
по московскому времени
(звонок по России бесплатный)

© ООО «ЯНДЕКС», 2023. «Яндекс», «Умный дом Яндекса», логотипы Яндекса и Алисы являются зарегистрированными товарными знаками ООО «ЯНДЕКС» в России и других странах.